

Almaty

AQSHAMY

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады

almaty-akshamy.kz E-mail: almaty-aksham@mail.ru

№56 (5719), 4 мамыр, сенбі, 2019 жыл.

ҚАЛА ЖӘНЕ ИМАН

Рамазан айында көп кездесетін қателер

7

АДАМДАР. ЖЫЛДАР. ТАҒДЫРЛАР

58-баптың 8-тармағымен сотталып, 58-үйдің 8-пәтерінде тұрған...

16-17

ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

САЯБАҚТА ҚҰСТАР ДАУСЫ НЕГЕ ЕСТІЛМЕЙДІ?

18

ОҚИ ОТЫРЫҒЫЗ

ЛЕНИННИҢ АСПАЗЫ БОЛҒАН

32

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

АЛМАТЫ – БІРЕГЕЙ, БАЛАМАСЫ ЖОҚ ШАҒАР



1 мамыр – Бірлік күнін алматылықтар мен қала қонақтары Абай алаңында Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен бірге мерекеледі. Алматы – азаттықтың бесігіне баланған, елдігіміздің іргесі қаланған қастерлі қала екенін айтқан Мемлекет басшысы барша Қазақстан халқын ынтымақ, бірлік мерекесімен құттықтады.

Әсел ДАҒЖАН

– Құрметті әлеумет, қадірлі қауым, ардақты алматылықтар! Бүгін ерекше күн. Татулық мерекесі. Еліміз бұл мерекені ерекше жақсы көреді. Сондықтан баршаңызды шын жүректен құттықтаймын. Ұлт пен ұлыстың ынтымағын дәріптейтін осынау

мерекенің қадір-қасиетін бәріміз жақсы білеміз. Екі күн бұрын ғана өткен Қазақстан халқы Ассамблеясының басқосуында сөйлеген сөзінде Елбасымыз ел ішіндегі мызғымас татулықтың маңыздылығын атап өтті. Тарихтың сан қилы сын сағаттарында қазақ жерін паналап келген көптеген ұлт өкілдері бір үйдің баласындай туыс, бауыр болды.

Жалғасы 2-бетте.

АЙТПАҒЫМ...

Жоқ емес, бар ғой...

«Қазақстан» ұлттық арнасының «Беу» бағдарламасы сөз жоқ, керек. Себебі, қазіргі рухани эпидемия ұшқындары жалынға айналмай тұрғанда соның алдын алу үшін бұдан да өткір болуы керек. Бұл хабардың кешегі Илья мен Қайрат, Ақселеу мен Жәнібек жүргізген, әлі де ел есінен кетпейтін тақырыптардың толықтырылған, кеңейтілген нұсқасы, нәзира үлгісі қазіргі тілмен айтқанда форматы мүлдем басқаша болуы қажет.

Қали СӘРСЕНБАЙ

Өйткені, біз көрінгенге еліктеп, солықтап барамыз. Ата-бабамыздың көзіндей, даналарымыздың сөзіндей, әке-шешеміздің өзіндей болып маңдайымыздан сипаған ұлы өн өнерінің жағдайы қазір мүшкіл. Қазақтың жергектен, жатырдан, бесіктен басталған күдіретті әуеніне қазір өзбек, түрік, тіпті африко-американдық сарындар араласып, мипалауға айналды. Сондықтан бірнеше хабардың жүгін көтеретін бір хабар дүниені дүр сілкіндіріп тұратын жағдайға жетуі тиіс, ел осы өнерге қарап бой түзеуі қажет. Бұл хабар тексіздіктің түп-тамырын жұлып тастауы керек.

Ендігі айтпағым да осымен төркіндес оймақтай ой. Таяуда бір тойда отырмыз. Асабамыз өте асығыс сөйлейді. Әні де асығыс (жалпы, қазіргі әндерді тез айттып шығу керек), біреуден қашып жүрген тәрізді. Ән асығыс айтылған соң, сөз қайдан ұғынықты болсын. Оның үстіне онып тұрған өн де, әуен де емес. Жұрт та әбден жалығып, етке тойып есінеп, жарылардай болып, көлден су ішкен өгіздей ыныранып отыр. Әлгінің өзі де шаршады. Жұрттың осы жағдайын байқады ма, әлгі немеге қайдан ес кіргенін, бір кезде Шәмшінің әндерінен попури айтып еді, даусы да жарқын-жарқын шығып, ел де орнынан көтеріліп, тойға қайта жан бітті.

Айтпағым, классиканың аты классика. Шәмші де, Әбілахат та, Нұрғиса да, Әсет те әндерін халыққа арнап жазған. Оның мәнігі өлмейтіні, жасай беретіні де содан ғой. Ал енді өзін де, өзгені де шаршатқан әлгінің өзі де өзін адам сезініп қалды. Ел диланып қалды.

Бізде жоқ емес, бар ғой. Бардың бағасын, жоқтың қадірін неге білмейміз?

КЕРЕК ДЕРЕК

Елімізде жүргізуші куәлігінен айырылып, көлік мініп жүргендер қамауға алынуы мүмкін

ТӘМСІЛ

Музыка адамнан, қоғамнан шыншыл

ҚАЛА-ҚАРБАЛАС

«АЛМАТЫ – БІРЕГЕЙ, БАЛАМАСЫ ЖОҚ ШАҒАР»

Соңы. Басы 1-бетте.

Заманның тауқыметіне қарамастан, біздің халқымыз солардың бәрін бауырына басып, барымен бөлісті. Егемендік алған жылдары көп этносты, көпконфессиялы еліміздің келешегі туралы түрлі теріс болжамдар айтылды. Алайда, Елбасымыздың арқасында Қазақстан бүгінде түрлі этнос өкілдерінің киелі шаңырағына айналды.

«Бірінді қазақ, бірін дос, көрмесен істің бәрі бос» деп ұлы Абай айтқандай, біз еліміздің жемісті әрі жеңісті күндеріне ынтымағымыз арқылы жеттік. Табиғаты таңғажайып ару Алматы – бірегей, баламасы жоқ шаһар. Оның жылнамасы бүкіл Отанымыздың жарқын айнасы. Жас мемлекетіміздің жетістіктерін дүние жүзіне алғаш танытқан да осы Алматы. Алатау баурайындағы әсем қала бүгінде қазақ зиялыларының құтты мекені болып отыр. Алматы – ғылымның ордасы, өнердің бесігі,



Серікбай қажы ОРАЗ,
Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти

РАМАЗАН – ЖАҚСЫЛЫҚТА ЖАРЫСАТЫН АЙ

*Аса қамқор, ерекше Мейірімді
Алланың атымен бастаймын!*

Қадірлі бауырлар, отандастар!

Баршанызды ісі мұсылман қауымы асыға күткен қасиетті Рамазан айының келуімен құттықтаймын. Оразаға аман-есен жеткізген Алла Тағалаға сансыз шүкірлер мен мақтау-мадақтар болсын! Әр отбасына амандық, бақыт пен береке...



шығармашылықтың шаңырағы. Алматының аурасы әрдайым ерекше. Алматылық – қайталанбас бренд және нағыз интернационализмнің үлгісі. Бүгінде Алматы еліміздің іскерлік, қаржы, мәдениет, білім мен ғылым және туристік орталығына айналды. Сонымен қатар, жұмыс орындарын құрып, қалалық бюджеттің кірісін түрлендіріп отырған шағын және орта бизнестің ортасы, – деген Қасым-Жомарт Кемелұлы, дәл осы Алматыда жоғары оқу орның бітірген түлектер мен жастар қауымына жұмыс орнын құратындығын жеткізді.

Мерекелік шарادا елімізді мекендеген түрлі ұлт өкілдерінің таным-тарихынан сыр шертетін көрме ұйымдастырылып, отандық өнерпаздар ән мен күйден шашу шашты.